

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иран Ислам Республикасы Үкіметінің арасындағы Иранға Қазақстан астығының экспорты және Қазақстанға Ираннан тұтыну тауарларының экспорты туралы өзара түсіністік жайындағы Меморандум

Меморандум 1999 жылғы 11 сәуір Тегеран қаласы. Қол қойылған күнінен бастап күшіне енді.

(Меморандум қол қойылған күннен бастап күшіне енді - ҚР СІМ-нің ресми сайты)

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иран Ислам Республикасының Үкіметі, екі мемлекет арасындағы өзара тиімді сауда-экономикалық ынтымақтастықты одан әрі дамытуға және кеңейтуге жәрдемдесуге тілек білдіре отырып, халықаралық құқықтың нормалары мен принциптеріне адалдықтарын растай отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар өздерінің өкілеттіктері мен мүмкіндіктері көлемінде іс-қимыл жасай отырып, өз мемлекеттерінің заңдарына сәйкес, астыққа қатысты екі мемлекет арасындағы өзара тиімді сауданы кеңейтуге көмектесетін барлық қажетті шараларды қабылдайтын болады.

2-бап

Осы Меморандумның 1-бабындағы ережелерді іске асыру мақсатында Тараптар мынадай міндет алады:

Қазақстан Тарабы жыл сайын Иран Ислам Республикасына жыл сайын нақты белгіленген, қажетті көлемде астық беріп отырады;

Иран Тарабы берілген астықты екінші Тараппен келісілген шарттарда қабылдайтын және төлейтін болады.

3-бап

Қазақстан астығының экспорты жайындағы осы Меморандумды орындау жөніндегі Тараптардың уәкілетті атқарушылары:

Қазақстан Тарабынан - "Азық-түлік контракт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамы.

Иран Тарабынан - Government Trading Corporation of Iran болып табылады.

4-бап

- Астық беріп отырудың маңызды шарттары, атап айтқанда:
- жеткізілімдер кестесі,
 - жеткізілетін астықтың түрлері мен сыныптары,
 - астықтың бағалары,
 - астықтың сапалық көрсеткіштері,
 - жеткізілімдерді іске асыру тетіктері мен төлем нысандары,
 - дауларды шешу тәртібі,
 - және басқа да мүмкін шарттар

осы Меморандумды атқарушылар жасасатын және олар орындалуына жауапты болатын келісім-шарттарда ескеріледі.

5-бап

Осы Меморандумды атқарушылар Тараптармен келісілген банк арқылы кері шақырылмайтын аккредитивті алған бойда астық жеткізілімін сата алады. Төлемнің басқа шарттары тиісті тараптармен талқылануы мүмкін.

6-бап

Қазақстан Тарабы Иран Тарабына жыл сайын 200 мың тоннадан кем емес қазақстандық астықтың экспортын ұсынды. Сонымен бір мезгілде Иран Тарабы астықтың жоғарыда аталған көлемін 4-бапта аталған мерзімдер мен шарттарға сәйкес импорттауға әзірлігін білдірді.

7-бап

Қазақстан Тарабы Ақтау қаласының айлағында жылына 500 мың тоннаға жуық астықты жөнелту үшін кемелерге астық тиеуге арналып, қуаты сағатына 250-300 тонна пневматикалық мұнарамен жабдықталған, астықты бір мезгіл сақтайтын, сондай-ақ Ақтау қаласының айлағында қабылданатын және тиелетін астықтың сапасын тексеретін қазіргі заманғы лабораториясы бар жалпы сыйымдылығы 30 мың тонна астық терминалының құрылысын салу мүмкіндігін қарастырады.

8-бап

Екі мемлекет арасындағы сауда-экономикалық қатынастарды жақсарту үшін екі Тарап өздерінің мемлекеттік және жеке меншік нысандарындағы шаруашылық субъектілеріне екі мемлекеттің қолданыстағы ережелері мен қағидаларына сәйкес өзара сауда жүргізуде көмектесуге келіседі.

9-бап

Екі мемлекет арасындағы теңдестірілген сауда-экономикалық қатынастарды дамыту мақсатында Иран Тарабы қазақстандық Тарап мұқтаж болып отырған тауарлар мен қызмет көрсетулерді ұсынды. Қазақстан Тарабы Иранның ұсынысын қолдай отырып, осы Меморандумға қол қойылған күннен бастап 3 ай ішінде дипломатиялық арналар бойынша Иран Тарабына қажетті тауарлар мен қызмет көрсетулердің тізімін беруге келісті.

10-бап

Тараптар екі жақты сауданы ұлғайту үшін банк көрсететін қызметтердің, соның ішінде бартерлік операциялардың барлық түрін пайдаланатын болып уағдаласты. Тараптар банк көрсететін қызметтерді жүзеге асыру жөнінде осы Меморандумға қол қойылған күннен бастап 3 ай ішінде пікір алмасады.

11-бап

Тараптар Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда вице-министрі мен Иран Ислам Республикасы Сауда министрлігінің сыртқы сауда жөніндегі министрдің орынбасары деңгейінде тұрақты Жұмыс комитетін құруға келісті.

Тұрақты Жұмыс комитеті Сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісімнің және осы Меморандумның барлық тармақтарының орындалуын осы Меморандум күшіне енген күннен бастап әрбір алты (6) ай сайын бақылап отыратын болады.

12-бап

Осы Меморандумның жекелеген баптарын түсіндіру немесе қолдануға қатысты Тараптар арасында туындайтын барлық даулы мәселелер консультациялар мен келіссөздер арқылы шешілетін болады.

13-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Меморандумға өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Өзгерістер мен толықтырулар осы Меморандумның ажырамас бөлігі болып табылатын тиісті Хаттамамен ресімделеді.

14-бап

Осы Меморандум Тараптардың қолданыстағы ережелері мен қағидаларына сәйкес тиісті шаралар қабылдау қажеттігін ескере отырып оған қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

15-бап

Осы Меморандум Тараптардың қайсыбірі екінші Тарапқа дипломатиялық арналар арқылы өзінің Меморандумның қолданысын тоқтату ниеті туралы хабарын бергенше күшінде болады. Мұндай жағдайда Меморандум осындай ниет туралы хабар алынған күннен бастап алты (6) ай өткен күнге дейін күшінде болады.

16-бап

Тегеран қаласында 1378 жылғы 22 фарвардинге сәйкес келетін 1999 жылғы 11 сәуірде әрқайсысы қазақ, фарси, ағылшын және орыс тілдерінде екі данадан жасалды және де барлық мәтіннің күші бірдей. Осы Меморандумның ережелерін түсіндіруге қатысты пікір алшақтығы туындаған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтін негізге алынады.

(Қолдары)

М а м а н д а р :
Қ а с ы м б е к о в Б . А .

Багарова Ж.А.